

**Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің
Атом энергетикасы және өнеркәсібі департаменті туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1. Атом энергетикасы және өнеркәсібі департаменті (бұдан әрі – Департамент) Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

2. Департамент өзінің қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Президент және Үкімет актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, Министрлік басшылығының бұйрықтарына, Министрлік ережесіне, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Департаменттің құрылымын Министр, штат санын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Министрліктің Аппарат басшысы бекітеді.

4. Департамент:

- 1) атомдық жобаларды дамыту басқармасынан;
- 2) ғылыми-техникалық жобалар басқармасынан;
- 3) атом өнеркәсібі басқармасынан;
- 4) атом энергетикасы басқармасынан тұрады.

2. Департаменттің негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары

5. **Міндеті:** атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру.


Функциялары:

1) атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысады;


2) атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді, олардың бекітілуін және тіркелуін қамтамасыз етеді;

3) атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және өзгерту жөнінде ұсыныстар дайындайды;

4) өз құзыреті шеңберінде нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге, келісуге және бекітуге қатысады;



- 5) атом энергиясын пайдалану саласындағы нормативтік техникалық құжаттарды әзірлейді және келіседі;
- 6) ядролық материалдарды және ядролық қондырғыларды физикалық қорғау қағидаларын Министрлік басшылығына бекітуге енгізеді;
- 7) иондандырушы сәулелену көздерін және сақтау пункттерін физикалық қорғау қағидаларын Министрлік басшылығына бекітуге енгізеді;
- 8) ядролық қауіпсіздік және (немесе) радиациялық қауіпсіздік, және (немесе) ядролық физикалық қауіпсіздік сараптамаларын жүзеге асыратын ұйымдарды аккредиттеу қағидаларын Министрлік басшылығына бекітуге енгізеді;
- 9) ядролық материалдарды мемлекеттік есепке алу қағидаларын Министрлік басшылығына бекітуге енгізеді;
- 10) иондандырушы сәулелену көздерін мемлекеттік есепке алу қағидаларын Министрлік басшылығына бекітуге енгізеді;
- 11) радионуклидті көздермен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік қағидаларын Министрлік басшылығына бекітуге енгізеді;
- 12) ядролық материалдарды, радиоактивті заттарды және радиоактивті қалдықтарды тасымалдау қағидаларын Министрлік басшылығына бекітуге енгізеді;
- 13) атом энергиясын пайдаланатын объектілерде жұмыс істейтін персоналдың біліктілігін арттыру қағидаларын Министрлік басшылығына бекітуге енгізеді;
- 14) атом энергиясын пайдаланатын объектілерде жұмыс істейтін персоналды аттестаттау қағидаларын Министрлік басшылығына бекітуге енгізеді;
- 15) көліктік қаптама комплектілерінің конструкцияларын бекіту тәртібін Министрлік басшылығына бекітуге енгізеді;
- 16) радиоактивті қалдықтарды және пайдаланылған ядролық отынды жинауды, сақтауды және көмуді ұйымдастыру қағидаларын Министрлік басшылығына бекітуге енгізеді;
- 17) атом энергиясын пайдалану объектілерінде жұмыс істейтін персоналдың біліктілік талаптарын Министрлік басшылығына бекітуге енгізеді;
- 18) атом энергиясын пайдалану саласындағы лицензиялауға жататын ядролық материалдар, радиоактивті заттар мен электрофизикалық қондырғылар үшін алып қою деңгейлерін басшылыққа бекітуге енгізеді;
- 19) Қазақстан Республикасының заңнамасы негізінде және оны орындау үшін атом энергиясын пайдаланумен байланысты қызметті реттейтін қағидалар мен нормалардың жобаларын әзірлейді, олардың бекітілуін және тіркелуін қамтамасыз етеді;
- 20) азаматтардың құқықтары, бостандықтары мен міндеттері туралы нормативтік құқықтық актінің жобасын талқылауға және ұсыныстар әзірлеуге қоғамдық кеңеске жібереді;
- 21) өз құзыреті шегінде пайдаланылып болған отын және радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеуді мемлекеттік реттеуді жүзеге асырады;



22) нормативтік құқықтық актілерге қатысты құқықтық мониторинг жүргізеді (оның ішінде Департамент жүзеге асыратын бұрын қабылданған актілер бойынша) және оларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге немесе олардың күші жойылды деп тану жөніндегі шараларды уақтылы қабылдайды;

23) ядролық қаруды таратпау режимі саласындағы жұмыстарды іске асыруға қатысады;

24) қоғамдық кеңестің қарауына қоғамның мүдделерін қорғауға бағытталған Департамент жұмысының нәтижелері туралы есеп ұсынады.

6. Міндеті: республикалық бюджеттен қаржыландырылатын атом энергиясын пайдалану саласындағы жобалар мен бағдарламалардың іске асырылуын қамтамасыз ету.

Функциялары:

1) Қазақстан Республикасында атом энергиясын пайдалану саласын дамыту жөнінде ұсыныстар дайындайды;

2) жетекшілік ететін республикалық бюджеттік бағдарлама шеңберінде атом энергетикасы, ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы ведомстволық бағынысты ұйымдардың («ҚР Ұлттық ядролық орталығы» РМК, «Ядролық физика институты» РМК, «МАЭК-Қазатомөнеркәсіп» ЖШС) қызметін үйлестіруді жүзеге асырады және даму стратегияларын келіседі;

3) ядролық-физикалық, атомдық ғылыми және энергетикалық қондырғыларды жобалауды және салуды ұйымдастырады;

4) ядролық, радиациялық және ядролық қауіпсіздік саласындағы зерттеулерді, ядролық қаруды таратпау режимін және ядролық сынақтардың мониторингін қамтамасыз етеді;

5) Қазақстан Республикасының аумағында, оның ішінде ядролық жарылыс жүргізілген жерлерде радиациялық тексеру бойынша жұмыстарды ұйымдастырады;

6) атом энергиясын пайдалану саласындағы бағдарламалар мен жобаларды іске асыру жөніндегі жұмыстарды үйлестіреді;

7) атом энергиясын пайдалану саласындағы республикалық бюджеттік инвестициялық жобалардың іске асырылуын жоспарлауды және мониторингті жүзеге асырады;

8) БН-350 реакторлық қондырғысын ұстау және пайдаланудан шығару жөніндегі жұмыстарды үйлестіруді жүзеге асырады.

7. Міндеті: атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік, салалық және стратегиялық бағдарламаларды қалыптастыруға және іске асыруға қатысу.

Функциялары:

1) ядролық технологияларды коса алғанда, ресурстық және технологиялық базаны қайта құру негізінде өз құзыреті саласында атом

саласын дамыту және қайта қалыптастыру бағдарламаларын әзірлейді, олардың бекітілуін және тіркелуін қамтамасыз етеді;

2) Департаменттің құзыреті шеңберінде бағдарламалық құжаттарды әзірлейді, олардың бекітілуін және тіркелуін қамтамасыз етеді;

3) нормативтік құқықтық актілерді, стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды орындайды, атом энергиясын пайдалану саласындағы мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуді қамтамасыз етеді;

4) өз құзыреті шегінде Министрліктің Даму және Операциялық жоспарларын әзірлеуге, іске асыруға, оған ұсыныстарды қалыптастыруға қатысады;

5) өз құзыреті шегінде Министрліктің Даму және Операциялық жоспарларының стратегиялық мақсаттарының және міндеттерінің, индикаторлары мен көрсеткіштерінің орындалуын қамтамасыз етеді;

6) атом энергиясын пайдалану саласындағы инвестициялық қызметке талдауды жүзеге асырады;

7) атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану саласында қолайлы инвестициялық ахуал жасау жөнінде ұсыныстар әзірлейді.

8. Міндеті: атом энергиясын пайдалану саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыруға және дамытуға қатысу.

Функциялары:

1) атом энергиясын пайдалану саласындағы халықаралық ынтымақтастық мәселелері бойынша мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асырады;

2) халықаралық ғылыми-техникалық және инновациялық бағдарламалар мен жобаларды қалыптастыру бойынша жұмыстарды үйлестіреді;

3) салалық сипаты бар халықаралық келісімдерді әзірлеуге қатысады;

9. Міндеті: атом өнеркәсібі саласындағы негізгі бағыттарды іске асыруды қамтамасыз ету.

Функциялары:

1) атом өнеркәсібі саласында салааралық үйлестіруді іске асыруға қатысады;

2) өз құзыреті шеңберінде мемлекеттің жер қойнауын пайдалану саласындағы басым құқығын іске асыру мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлейді;

3) уранды өндіруге арналған келісімшарттық құжаттардың жобаларын қарастыруға қатысады;

4) өз құзыреті шегінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі сараптамалық комиссияның, уран кен орындарын игеру жөніндегі орталық комиссияның және жұмыс тобының келісімшарттар талаптарын қарау және жер қойнауын пайдаланушылармен келіссөздер жүргізу жөніндегі отырыстарына қатысады;

5) өз құзыреті шегінде уран өндіру саласындағы құқықтық актілерді әзірлейді, олардың бекітілуі мен тіркелуін қамтамасыз етеді.

10. Міндеті: орындаушылық тәртіптің ішкі бақылауын қамтамасыз ету.

Функциялары:

1) актілер жобаларын және Қазақстан Республикасы Президентінің, Мемлекеттік хатшының, Президент Әкімшілігі және ҚР Премьер-Министрі Кеңсесі басшылығының тапсырмаларына сапалы және уақтылы жауаптарын дайындауды, сондай-ақ жетекшілік ететін мәселелер бойынша жоғары тұрған органдардың бақылаудағы тапсырмаларын орындауды жүзеге асырады;

2) жетекшілік ететін мәселелер бойынша құжатайналымы мен ақпараттық ағымдарды қысқартуды қамтамасыз етеді;

3) өз құзыреті шегінде Министрліктің тиімділігін бағалау бағыттары бойынша ақпаратты ұсынады, жетекшілік ететін бағыттар бойынша тиімділікке қол жеткізуге жауапты болады.

11. Құқықтары мен міндеттері:

Департамент:

1) Министрліктің құрылымдық бөлімшелерінен және ведомстволық бағынысты ұйымдарынан Департаментке жүктелген міндеттерді орындауға қажетті ақпараттарды сұратуға және алуға;

2) Департамент құзыретіне кіретін мәселелер бойынша кеңестер ұйымдастыруға және өткізуге;

3) кадрларға қажеттілікті анықтау жөнінде ұсыныстар енгізуге;

4) құзыреті шегінде Министрлік алқасының жұмысына ұсыныстар әзірлеу, іске асыру, жасауға қатысуға;

5) заңнамалық актілерге, Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес міндеттер мен функцияларды іске асыруға қажетті өзге құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

Департамент:

1) Департамент құзыретіне жататын мәселелер бойынша белгіленген заңнамалық тәртіпте түсініктемелер беруге;

2) өз құзыреті шегінде Заң қызметі департаментіне жартыжылдықтың соңғы айының бірінші күніне дейін (1 маусым және 1 желтоқсанға дейін) жүргізіліп жатқан құқықтық мониторинг туралы ақпаратты және қажет болған жағдайда, колданыстағы заңнаманың нормасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізуге;

3) өз құзыреті шегінде жетекшілік ететін салалардың қазіргі жағдайы, оны дамыту бойынша жедел және ағымдағы ақпаратты, талдамалық және стратегиялық анықтамаларды дайындауға және Министрліктің Стратегиялық және ақпараттық даму департаментіне ұсынуға;

4) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларды қорғау, азаматтық қорғау, жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру, сыбайлас жемқорлыққа, терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы заңдардың және өзге де нормативтік құқықтық актілердің сақталуын қамтамасыз етуге;

5) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының қорғаныс жоспарына сәйкес іс-шараларды орындауға ведомстволық бағынысты ұйымдарды даярлауды ұйымдастыру және соғыс уақытында саланың тұрақты жұмыс істеуі жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру;

6) бір жұмыс күнінен кешіктірмей Министрліктің Бюджет және қаржылық рәсімдер, сондай-ақ Заң қызметі департаменттеріне жетекшілік ететін бюджеттік бағдарламалар бойынша мемлекеттік сатып алулар туралы жасасқан шарттар бойынша өз міндеттерін орындамаған немесе тиісті дәрежеде орындамаған жабдықтаушылар туралы мәліметті беруге;

7) іс қағаздарын жүргізуде «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8,9 және 10-баптары талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге;

8) қызметкерлерді жұмысқа қабылдау және ілгерілету кезінде гендерлік теңгерімді сақтауға міндетті.

3. Департаменттің қызметін ұйымдастыру

12. Департамент Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне, Президенттің актілеріне, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес өзінің негізгі міндеттерін іске асыруға қажетті өкілеттіктерді иеленеді.

13. Департаментті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын Директор басқарады.

14. Департамент директорының екі орынбасары бар.

15. Департамент директоры Департаменттің қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады және Департаментке жүктелген міндеттердің уақтылы және сапалы орындалуы мен оның өзінің функцияларын жүзеге асыруы үшін дербес жауапты болады.

16. Департамент директоры Министрлік басшылығына Департаменттің құрылымы және штат кестесі жөнінде, сондай-ақ Департамент қызметкерлерін ынталандыру және тәртіптік жаза қолдану туралы ұсыныстар береді.

17. Департамент директоры:

1) өзінің орынбасарларының міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;

2) Департамент құрамына кіретін басқарма басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;

3) Мемлекет басшысының және Премьер-Министрдің актілері мен тапсырмаларын орындауды жүзеге асырады;

4) заңнамаға сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

18. Директордың орынбасарлары:

1) өз өкілеттіктері шегінде Департамент қызметін үйлестіреді;

2) Департамент басшысы болмаған кезеңде Департаменттің қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады және Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өзінің функцияларын жүзеге асыруы үшін дербес жауапты болады;

3) Директор жүктеген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

19. Департамент құзыретіне кіретін мәселелер бойынша басқа құрылымдық бөлімшелерге Департамент атынан жіберілетін құжаттарға Департамент директоры, ал ол болмаған жағдайда оны алмастыратын адам қол қояды.

The bottom of the page contains several handwritten signatures in blue ink. There are approximately five distinct signatures, some of which are quite stylized and cursive.